


Оған жаумздар ғана кіреді. (15) Сондай өтірік деп жалтарғандар. (16) Тақуарақ болған одан ұзақтастырылады. (17) Сондай малын сарып қылып тазарғандар. (18) Оның онда ешкімге берер есели сыйлығы жоқ. (Біреудің өзіне істегенінің бодауы үшін емес) (19) Бірақ ұлы Раббының ризалығын ғана іздейді. (20) Сондай-ақ ол, таяуда разы болады. (21)

93-ЗҮХА СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он бір аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед F.C. ға бірнеше күн уахи кешігіп қалғанда кәпірлер: "Оны, Раббы тастады" деген екен. Ж.М.Р.Т.) Сәске уақытына, (1) Тым-тырыс түнге ант. (2) Раббың сені тастамады да кейімеді. (3) Әрине сен үшін ахирет, дүниеден жақсы. (4) Әлбетте Раббың саған береді де разы боласың. (5) Сені жетім түрде тауып орналастырмады ма? (6) Сені абыржуда көріп, жолға салмады ма? (7) Сені кедей көріп, байытпады ма? (8) Ендеше жетімді қорлама, (9) Сұраушыны зекіме. (10) Раббыңның нығметін білдір. (11)



94-ШАРХ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Сегіз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед F.C.) көңліңді ашпадық па? (1) Жүгіңді түсірмедік пе? (2) Сондай бөліңді қайыстырған, (3) Сенің абыройыңды көтермедік пе? (33-С.56-А.) (4) Негізінде ауырлықпен бірге бір жеңілдік бар. (5) Шын мәнінде қиыншылықпен бірге бір оңайлық бар. (6) Ендеше босай қалсаң және тырыс. (7) Раббыңа ғана бел байла. (8)